Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Вагонсервис" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда көзделген талаптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда: сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (Шартқа №1 қосымша), техникалық сипаттама/техникалық тапсырма (Шартқа №2 қосымша), ішкі елдік құндылықтың есебі (Шартқа №3 қосымша), Шартты орындау аясында тартылған қосалқы мердігерлер туралы ақпарат (Шартқа №5 қосымша), Тапсырыс берушінің объектілерінде мердігерлер жұмыстарды орындау кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылу тізбесі (Шартқа №6 қосымша), жұмыстарды орындау кестесі (Шартқа №7 қосымша), түзету іс-шараларының жоспары (Шартқа №8 қосымша).

1.3. Жұмыстарды орындау мерзімі белгіленеді: басталуы: «01» қаңтар 2027 жыл; аяқталуы: «31» желтосан 2027 жыл. Жұмыстарды орындаудың аралық мерзімдері Жұмыстарды орындау кестесінде (Шартқа №7 қосымша) көзделеді.

1.4. Мердігер Жұмыстарды өз тәуекелімен және өз материалдарын пайдалана отырып орындауға міндеттенеді _____ (қай тараптың материалдары пайдаланылатыны көрсетіледі). Материалдар сапалы, жаңа және бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс.

1.5. Орындаушы осы Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда /ЖҰМЫС ТҮРІН КӨРСЕТУ/ бойынша Жұмыстарды /ай сайын, тоқсан сайын, өтінім бойынша, бекітілген жоспарға сәйкес/ орындауға міндеттенеді (қажеттісі көрсетіледі).

1.6. Мердігер Жұмыстарды өз күшімен, өз тәуекелімен және техникалық регламенттердің, мемлекеттік стандарттардың және өзге де міндетті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін өз материалдарын пайдалана отырып орындауға міндеттенеді. Материалдар жаңа, бұрын пайдаланылмаған, тиісті сапада болуы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда олардың сәйкестігін растайтын құжаттары (сәйкестік сертификаттары, сәйкестік туралы декларациялар немесе өзге де құжаттар) болуы тиіс.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Мердігер орындаған Жұмыстардың құны Шарттың 2-бөлімінің 2.1-тармағында көрсетілген құнмен салыстырғанда төмендеген жағдайда, Мердігер төлемге Жұмыстардың нақты құнын ұсынады.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеуді (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4.2. Мердігер «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы рәсімдеген электрондық шот-фактура.

2.4.3. Орындалған жұмыстар актісі.

2.4.4. Жұмыстарды қабылдауға қатысатын Мердігер мен Тапсырыс беруші өкілдерінің өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаттар).

2.5. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Осы Шарттың 2.5-тармағының ережелеріне қарамастан, Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне Веб-портал арқылы қол қою тек Орындаушы Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі Тараптың да мөрлерімен куәландырылған Орындалған жұмыстар актісінің қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасын ұсынғаннан кейін ғана жүзеге асырылатыны туралы келісті. Орындаушы Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі Тараптың да мөрлерімен куәландырылған Орындалған жұмыстар актісінің қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасын алдын ала жіберуге міндетті. Веб-портал арқылы Актіге электрондық нысанда қол қою Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген түпнұсқаны алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

2.7. Жұмыстар толық көлемде орындалғаннан кейін Тараптар 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды.

2.8. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Мердігердің дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.9. Төлем нысаны – Мердігердің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы.

2.10. Жұмыстардың жалпы құны Мердігердің барлық салықтық міндеттемелерін қамтиды.

2.11. Төлем валютасы: теңге.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

3.1. Мердігер:

3.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

3.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

3.1.3. Тапсырыс берушінің Жұмыстарды тиісті емес сапада орындауға байланысты ескертулерін дереу жоюға міндетті;

3.1.4. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу айналымы есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін де салық салудың міндеттілік қағидатын сақтауға, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауға міндетті;

3.1.5. Өзге шарттар мен мәмілелер бойынша өзінің контрагенттері тарапынан салық салудың міндеттілік қағидатының сақталуын және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарының тиісінше орындалуын осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу айналымы есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін де қамтамасыз етуге міндетті;

3.1.6. Мердігер жасасатын шарттарға Мердігердің контрагенті мен оның контрагенттерінің салық салудың міндеттілік қағидатын сақтау және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындау жөніндегі міндеттемелерін көздейтін талаптарды енгізуге міндетті, бұл міндеттемелер жасалған шарттардың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу айналымы есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін де қолданылады;

3.1.7. Орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына, мерзімдеріне және Жұмыстарды орындау кестесінде (Шартқа №7 қосымша) көзделген тәртіпке сәйкес тапсыруға міндетті;

3.1.8. Жұмыстардың орындалу барысын баяулататын немесе Жұмыстарды одан әрі орындауды мүмкін емес ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, осындай мән-жайлар басталған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті;

3.1.9. Жұмыстарды орындау процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасының, оның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ Тапсырыс беруші Мердігерге қабылдау-тапсыру актісі бойынша берген өндірістік қауіпсіздік саласындағы стандарттар, регламенттер, нұсқаулықтар және өзге де Тапсырыс беруші актілерінің талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүлкінің, оның ішінде Мердігерге берілген мүліктің сақталуы мен тұтастығын қамтамасыз ету талаптарын сақтауға міндетті;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шарттың өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптары бұзылған жағдайда, оның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша, анықталған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға міндетті. Осы жағдайда Жұмыстарды орындауды тоқтата тұру Мердігердің кінәсінен болған бос тұрып қалу (тоқтап қалу) болып есептеледі;

3.1.11. Тапсырыс беруші Мердігер өкілдеріне өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарды түсіндіру мақсатында ұйымдастыратын ұйымдастыру кеңесінде қатысуға және қабылданған шешімдерді орындауға міндетті;

3.1.12. Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілген тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған өндірістік қауіпсіздік саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету іс-қимылдарын әзірлеуге және оларды орындауға міндетті;

3.1.13. Өз қызметкерлерін және қосалқы мердігер ұйымдардың қызметкерлерін Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік қызметінде кіріспе нұсқамадан (инструктаждан) өту үшін жіберуге міндетті;

3.1.14. Жұмыстар орындалатын объектіде жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға міндетті;

3.1.15. Жоғары қауіптілік жағдайларында жұмыстарды орындау кезінде наряд-рұқсаттарды қолдануға міндетті;

3.1.16. Ең қысқа мерзімде, бірақ 24 (жиырма төрт) сағаттан аспайтын уақыт ішінде Тапсырыс берушіні Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстарды орындау барысында орын алған барлық жазатайым оқиғалар, инциденттер, авариялар және Мердігер тарапынан қоршаған ортаны қорғау заңнамасының бұзылу жағдайлары туралы хабардар етуге міндетті;

3.1.17. Оқиғалардың себептерін тергеп-тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен мерзімдерде ресімдеуге, сондай-ақ тергеп-тексеру комиссиясының құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін енгізуге міндетті;

3.1.18. Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, Мердігер Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті. Мұндай тұрақсыздық айыбы (айыппұл) Шартқа №6 қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің объектілерінде мердігерлер жұмыстарды орындау кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзу тізбесіне сәйкес айқындалады;

3.1.19. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартылған өз қызметкерлерін және үшінші тұлғаларды Тапсырыс берушіден алынған Жұмыстар орындалатын объектіде қолданылатын өндірістік қауіпсіздік саласындағы стандарттармен, регламенттермен, нұсқаулықтармен және Тапсырыс берушінің өзге де құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға міндетті;

3.1.20. Тапсырыс беруші белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті;

3.1.21. Шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы мердігерлер туралы ақпаратты (Шартқа №5 қосымша) орындалған Жұмыстар актілерімен бірге Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті;

3.1.22. Анықталған ақаулар мен кемшіліктерді, орындалған Жұмыстардың сапасын төмендететін барлық кемшіліктерді, Тапсырыс берушінің ақаулар актісінде көрсетілген мерзімдерде қабылдау барысында анықталғандарды өтеусіз түрде өз күшімен және өз есебінен жоюға міндетті;

3.1.23. Өз есебінен және өз күшімен Жұмыстарды орындау барысында анықталған орындалған Жұмыстардағы кемшіліктер мен ақауларды Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жоюға міндетті;

3.1.24. Мердігер Жұмыстарды орындау үшін қажетті өзі жеткізген материалдарға, жабдықтарға және жинақтаушы бұйымдарға лицензиялар (сертификаттар) алуға байланысты барлық шығыстарды дербес көтеруге міндетті;

3.1.25. Жұмыстарды орындау барысында Мердігер жіберген қоршаған ортаны қорғау заңнамасын бұзу салдарынан Тапсырыс берушіге немесе үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер тарапынан қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемді төлеуге байланысты Тапсырыс беруші көтерген шығыстарды өтеуге міндетті;

3.1.26. Жұмыстар орындалған аумақта, жұмыс алаңында және оған іргелес аумақта қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінен туындаған теріс салдарларды толық жоюды қамтамасыз етеді;

3.1.27. Мердігердің кінәсінен Тапсырыс беруші экология, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші төлеген айыппұлдарды толық көлемде өтеуге міндетті;

3.1.28. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Жұмыстардың нәтижелеріне қатысты барлық құқықтар, оның ішінде айрықша құқықтар Тапсырыс берушіге өтеді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1.29. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда рұқсат беру құжаттарына, авторлық құқықтарға және лицензияларға ие болуға міндетті;

3.1.30. ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ағылш. Environmental, Social, and Corporate Governance, ESG) – компанияны басқару сипаттамаларының жиынтығы, бұл ретте компанияның экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық мәселелерді шешуге қатысуы қамтамасыз етілетін) қағидаттарын сақтауға міндетті;

3.1.31. ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті ауыстырған жағдайда, бұл туралы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жаңа ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті. ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылған жағдайда, бұл туралы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылғаны туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Шарт жасасу сәтінде Мердігер ҚҚС төлеушісі болмаған, алайда кейіннен ҚҚС бойынша тіркеу есебіне тұрған жағдайда, бұл туралы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

3.1.32. Тапсырыс берушіден сұрау алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерлер мен аффилиирлену туралы ақпаратты, оның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшылары туралы мәліметтерді, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, ағасы, әпкесі, балалары), сондай-ақ құда-жекжаттары (жұбайының/зайыбының ағасы, әпкесі, ата-анасы, балалары) туралы ЖСН-ін көрсете отырып мәліметтерді, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы туралы ақпаратты, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістері туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті;

3.1.33. Осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қатысты өзінің ақшалай талап ету құқығын қаржыландыру шарты бойынша ақшалай талапты беру (факторинг) шарты (бұдан әрі – Факторинг шарты) негізінде қаржы агентіне бермеуге міндетті;

3.1.34. Факторинг шартына қол қойылған күннен бастап және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде төмендегілерді ұсынуға міндетті: Факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін; Мердігер тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттарды.

3.1.35. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

3.1.36. Жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында көрсетілген білікті мамандардың күшімен орындауға міндетті. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісу арқылы тендерлік өтінім құрамында көрсетілген мамандарды тең дәрежелі (баламалы) мамандармен алмастыра алады (тендер тәсілімен сатып алу жүргізілген жағдайда көрсетіледі);

3.1.37. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

3.1.38. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

3.1.39. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

3.1.40. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

3.1.41. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

3.1.42. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

3.2. Мердігер:

3.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

3.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

3.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

3.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

3.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

3.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

3.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

3.3. Тапсырыс беруші:

3.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

3.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

3.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

3.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

3.3.5. Мердігер дефектілік актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, ауызша және/немесе жазбаша түрде бас тартқан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Мердігер дефектілік актіге қол қоймаған болса, Тапсырыс беруші анықталған кемшіліктер туралы дефектілік актіні өз бетінше қол қойып, сол мерзімде оны көрсетілген кемшіліктерді жою үшін Мердігерге жолдауға құқылы;

3.3.6. Тапсырыс берушінің объектілерінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін құжаттардың (стандарттар, регламенттер, нұсқаулықтар және Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы өзге де құжаттары) PDF форматындағы көшірмелерін Мердігердің өкіліне Мердігердің жад сақтау құрылғысында беру. Құжаттар көшірмелерін беру Тапсырыс беруші мен Мердігердің уәкілетті өкілдері қол қоятын қабылдау-тапсыру актісін ресімдеу арқылы жүзеге асырылады;

3.3.7. Шарттың 6.8-тармағында көрсетілген айыппұлды Мердігер Шарттың 3.1.33. -тармақшасында көзделген міндеттемені бұзғаны үшін берілген ақшалай талап ету құқығының берілген сомасынан ұстап қалуға міндетті.

3.4. Тапсырыс беруші:

3.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

3.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

3.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

3.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

3.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

3.4.7. Жұмыстардың орындалу барысы туралы ақпарат алуға, сондай-ақ кемшіліктер анықталған жағдайда орындалатын Жұмыстарға ескертулер енгізуге құқылы;

3.4.8. Жұмыстарды орындау кестесіне Мердігермен келісу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы;

3.4.9. Мердігер шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші акцептсіз тәртіппен Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан және/немесе Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында жасалған өзге де шарттар бойынша Мердігерге қатысты Тапсырыс берушінің кез келген кредиторлық берешегінен Мердігердің шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және осыған байланысты туындаған залалдар сомасын ұстап қалуға құқылы;

3.4.10. Жұмыстарды орындау барысында заңнамада және/немесе Шартта белгіленген талаптардан ауытқулар анықталған жағдайда, оларды жою себептері толық жойылғанға дейін Жұмыстарды толық көлемде немесе олардың бір бөлігін тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте, Жұмыстарды орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші тарапынан Жұмыстарды тоқтата тұру мерзімі Тапсырыс берушінің мерзімді өткізіп алуы ретінде танылмайды және Мердігерді Шарт бойынша жауапкершіліктен босатпайды.

3.4.11. Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ есептелген өсімпұл мен айыппұл сомаларын Мердігерден өтеуді талап етуге құқылы;

3.4.12. Өз қалауы бойынша және салдарларды барынша азайту мақсатында Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің объектілерінде Мердігердің кінәсінен туындаған қоршаған ортаға зиянды әсердің салдарын оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарға қатысуға құқылы. Бұл жағдайда Мердігер мұндай жұмыстарды жүргізуге байланысты Тапсырыс беруші шеккен шығындарды өтеуге міндетті;

3.4.13. Мердігер өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің талаптарын сақтамаған жағдайда, оны Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға жібермеуге құқылы;

3.4.14. Жұмыстар Шарт талаптарына, оның ішінде мерзімдерге сәйкес келмеген жағдайда, орындалған Жұмыстар актісі бойынша көрсетілген құжатты Мердігерден алғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан бас тартудың негізделген уәжді бас тартуын жіберуге міндетті. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер анықталған жағдайда, Мердігерге оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктер тізбесін жіберуге міндетті;

3.4.15. Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін Мердігер тартқан үшінші тұлғалармен қатар Мердігердің өндірістік қауіпсіздік жүйесін басқару талаптарын сақтауын тексерулер жүргізу және сыртқы аудит өткізу арқылы мониторингтеуге құқылы;

3.4.16. Тараптармен келісілген өндірістік қауіпсіздік саласындағы іс-шараларды Мердігер белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

3.4.17. Мердігерден қосалқы мердігерлер мен аффилиирлену туралы ақпаратты, оның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшылары туралы мәліметтерді, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, ағасы, әпкесі, балалары), сондай-ақ құда-жекжаттары (жұбайының/зайыбының ағасы, әпкесі, ата-анасы, балалары) туралы ЖСН-ін көрсете отырып мәліметтерді, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы туралы ақпаратты, сондай-ақ құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістері туралы мәліметтерді сұратуға құқылы;

3.4.18. Тапсырыс беруші немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік құқығында не сенімгерлік басқаруда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға тиесілі ұйым алдында Мердігердің берешектері (оның ішінде залалдар, тұрақсыздық айыбы және т.б. сомалар) болған жағдайда, көрсетілген сомаларды Тапсырыс берушінің Мердігер алдындағы кредиторлық берешегінен және/немесе шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан және/немесе аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс берушінің Мердігер алдында кредиторлық берешегі болмаған жағдайда, залалдар мен тұрақсыздық айыбының сомалары Мердігер тарапынан тиісті хабарлама алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төленуге жатады;

3.4.19. Факторинг шартына қатысты Мердігерден тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы;

3.4.20. Тапсырыс беруші Мердігерден Жұмыстардағы ішкі елдік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқылы емес.

4. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

4.1. Мердігердің орындалған Жұмыстарды тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы екі Тарап қол қоятын Актімен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ресімделеді.

4.2. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың №1 қосымшасына және Шарттың өзге де талаптарына сәйкес тексереді.

4.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Мердігер 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 10 (он) ішінде хабарламаны алған сәттен бастап Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе ұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

4.4. Жұмыстарды қабылдау Мердігерді кепілдік міндеттемелерінен және жасырын кемшіліктер үшін жауапкершіліктен босатпайды.

4.5. Орындалған Жұмыстарды қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін нәтиже алынғанға дейін қайталанады. Бұл ретте осы Шарт бойынша Жұмыстарды төлеу жөніндегі Тапсырыс берушінің міндеттемелерінің басталуы аталған рәсім мерзіміне ұзартылады. Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстардың құнын төлемеуге құқылы.

4.6. Егер кемшіліктер осы Шарттың 4.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды қолдануға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және осындай бұзуға байланысты туындаған залалдар мен шығындарды Мердігерден өтеуді талап етуге құқылы.

5. Кепілдіктер мен сапа

5.1. Мердігер орындалған Жұмыстардың сапасына Тараптар орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай бойы кепілдік береді. Мердігер Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Кепілдік жұмыстарға, қосалқы бөлшектер мен жиынтықтаушы бұйымдарға қолданылады. Егер Мердігер ақауды белгіленген мерзімде жоймаса, Тапсырыс беруші ақауды өз бетінше немесе үшінші тұлғаларды тарту арқылы жоюға құқылы. Бұл ретте ақауды жоюға жұмсалған шығындар Мердігерге жүктеледі және кез келген төленуге жататын сомалардан ұстап қалуға жатады.

5.2. Мердігер кепілдік береді:

5.2.1. пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасын, олардың жобалық спецификацияларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігін, сондай-ақ оларда сапаны растайтын тиісті сертификаттардың, техникалық паспорттардың және өзге де құжаттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті;

5.2.2. Орындалған Жұмыстардың сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы тиісті сала бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға және талаптарға сәйкес келуі тиіс. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде негізсіз және рұқсат етілмеген өзгерістерді қамтитын Жұмыстардың нәтижесі ақаулы деп танылады және Мердігер тарапынан өтеусіз түрде түзетілуге жатады;

5.3. Кепілдік мерзімі ішінде орындалған Жұмыстарда кемшіліктер немесе Шарт талаптарына сәйкес келмеушілік анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің тиісті талаптарын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды өз есебінен және өз күшімен жоюға міндетті. Жұмыстардағы жойылған ақауларға қатысты кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен бастап есептеледі. Жұмыстардағы ақауларды жоюға байланысты барлық шығындарды Мердігер көтереді.

5.4. Мердігер кепілдік мерзімі шегінде анықталған Жұмыстардағы кемшіліктер үшін жауапты болады, егер олардың қалыпты тозу немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан туындағанын дәлелдемесе.

5.5. Кепілдік мерзімінің өтуі Мердігер жауапты болып табылатын кемшіліктерді (ақаулар мен аяқталмаған жұмыстарды) жоюдың бүкіл кезеңіне тоқтатыла тұрады.

5.6. Осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші өз міндеттемелерін орындауға байланысты патенттік, авторлық немесе сабақтас құқықтардың бұзылуынан туындайтын үшінші тұлғалардың Тапсырыс берушіге қойған қандай да бір талаптары болған жағдайда, Мердігер барлық осындай талаптарды өзіне қабылдауға, сондай-ақ мұндай құқықтардың бұзылуына байланысты Тапсырыс беруші шеккен залалды өтеуге және қойылған талаптарды реттеу және қажет болған жағдайда қанағаттандыру бойынша дереу шаралар қабылдауға міндетті.

5.7. Жұмыстардағы ақауларды жоюдың кешігуі Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.2. Мердігер:

6.2.1. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын және (немесе) Тапсырыс берушінің аталған бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

6.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

6.2.3. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын Мердігер сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10% аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауап береді. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

6.2.4. Мердігер Шартта көзделген Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы тұрақсыздық айыбын төлеуге;

6.2.5. Мердігердің Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша уақтылы жойылмаған ескертулер құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы өсімпұл төлеуге;

6.2.6. Шарт Мердігердің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер мұндай бұзуға байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (лоттар болған жағдайда – міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған лот(тар) сомасынан);

6.2.7. Жұмыстардағы ішкі елдік құндылық үлесінің нақты есебі Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол Шарт сомасының 10%-ынан аспауы тиіс;

6.2.8. Мердігер Шартты орындау барысында Тапсырыс берушінің мүлкіне, Тараптардың қызметкерлерінің мүлкіне, өміріне және (немесе) денсаулығына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға келтірілген зиянға байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапты болады.

6.2.9. Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын және құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды бұзғаны үшін, сондай-ақ осындай бұзушылықтардың салдарынан туындаған барлық залалдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық мүліктік, әкімшілік және өзге де жауапкершілікті дербес көтереді;

6.2.10. Мердігер Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге міндетті;

6.2.11. Жұмыстарды орындау барысында Мердігер жіберген қоршаған ортаны қорғау заңнамасының бұзушылықтары үшін Тапсырыс беруші жауапкершілікке тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеуге міндетті;

6.2.12. Мердігер Жұмыстар орындалған аумақта, жұмыс алаңында және оған іргелес аумақта қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінен туындаған теріс салдарларды толық жоюды қамтамасыз етеді;

